



Касpi-дің несие желілерін берудің стандарт ережелеріне өзгерістер

2019 жылғы 10 сәуірде «AIQYN» 54 (3519), «ЛИТЕР» 54 (3522) газеттерінде жарияланған Касpi-дің несие желілерін берудің стандарт ережелерінің (бұдан әрі – Стандарт ережелер) аясында Клиенттерге қызмет көрсету ережелерін заңнаманың өзгерістерімен сәйкестендіру, сондай-ақ ережелерді Клиент үшін жақсарту жағына қарай өзгерту мақсатында Стандарт ережелерге келесі өзгерістер енгізілсін:

1. Стандарт ережелердің 3-бабының 3.1-тармағының 5) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«5) Бір жылға дейін мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап алты ай өткен соң, бір жылдан астам мерзімге берілген Несиені алған күннен бастап бір жыл өткен соң тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей, Несиені ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге;».

2. Стандарт ережелердің 3-бабының 3.1-тармағының 7) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«7) Алған қызметтер жөнінде даулы жағдайлар туындаған кезде Касpi-ге жазбаша өтініш білдіруге;».

3. Стандарт ережелердің 3-бабының 3.1-тармағының 8) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«8) Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде Касpi-ге баруға және/немесе өзінің Несие шартының талаптарына, оның ішінде: Несие шарты бойынша Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге; шетел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге; Негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде Негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; Несиенің мерзімін өзгертуге; мерзімі өткізілген Негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсім-пұлдың), банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялардың және өзге төлемдердің күшін жоюға; «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген тәртіппен ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуіне; Касpi-ге кепіл мүлкін беру арқылы Несие шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуына; шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүліктің өткізілуіне байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімі өтуінің туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер қамтылған жазбаша нысандағы не Несие шартында көзделген тәсілмен өтініш ұсынуға;».

4. Стандарт ережелердің 3-бабының 3.3-тармағының 4) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«4) Міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Несие шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде Қарыз алушыға Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткізіп алынған берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлем жасау қажеттігі; Қарыз алушының Касpi-ге өтініш білдіру құқығы; Қарыз алушының Несие шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабарлауға;».

5. Стандарт ережелердің 3-бабының 3.3-тармағының 5) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«5) Қарыз алушының жазбаша арызын қарастыруға және жазбаша жауап дайындауға;».

6. Стандарт ережелердің 3-бабының 3.3-тармағының 9) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«9) Қарыз алушының жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 күннің ішінде Несие шартының ұсынылған өзгерістерін қарауға;».

7. Стандарт ережелердің 4-бабының 4.1-тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«2) Ақшаны (заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда): а) Қарыз алушының Несие шарты бойынша мерзімі өткізілген міндеттемелерін (берешегін) орындау (өтеу) үшін Қарыз алушының кез келген банкте және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарына төлем талабын қою арқылы даусыз тәртіппен; б) мерзімі өткізілген және ағымдағы міндеттемелерді орындау үшін Касpi-дің төлем құжаттарының немесе төлем ордерінің негізінде Қарыз алушының Касpi-дегі банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы алу (есептен шығару);».

8. Стандарт ережелердің 4-бабының 4.1-тармағының 14) тармақшасында «отыз» деген сөз

«жиырма» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. Стандарт ережелердің 9-бабының 9.5-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«9.5. Несие шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алғаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткізіп алынған берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлем жасау қажеттігі; Қарыз алушының Kaspi-ге өтініш білдіру құқығы; Қарыз алушының Несие шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы Қарыз алушыға бірінші рет мерзімі өткізілген күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Клиенттің Телефон нөміріне SMS-хабар жолдау арқылы немесе өзге Байланыс арнасы арқылы, соның ішінде Клиенттің әлеуметтік желілердегі және өзге интернет-ресурстардағы жеке парақшасына хабарларды жариялау, мессенджерлермен немесе өзге коммуникация құралдарымен хабарлар жіберу арқылы хабарланады.

Хабарлама Қарыз алушыға: Қарыз алушының хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін Байланыс арнасы арқылы Несие шартында немесе Қарыз алушының Kaspi-ге Несие шартының аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; Несие шартында немесе Қарыз алушының Kaspi-ге Несие шартының аясында ұсынған өзге құжаттарында көрсетілген тұрғылықты жерінің мекенжайына оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса, ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға табыс етудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ өзге Байланыс арналарын пайдаланған кезде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.».

10. Стандарт ережелердің 13-бабының 13.15-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«13.15. Шарттың Тараптары олардың арасында даулар, қайшылықтар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша шаралар қолданады (соның ішінде, мыналарды қоса: шағымдық жұмыстарды жүргізу, талаптар мен хабарламалар жіберу, факсимильдік байланыс арқылы және заңда тыйым салынбаған басқа да байланыс құралдарын пайдаланып, хатпен, электрондық хабарлармен, SMS-хабарлармен алмасу). Тараптар дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу бойынша қолданылған шаралардың нәтижесінде келісімге келмеген кезде, дау Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуге беріледі.».
